SOROS.KZ

# OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2019

# ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ:

«Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы тәсілімен іске асырылатын жобаларды орындау барысының ашықтығы

**Ж.ОСПАНОВА** | Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, 2019 ж.

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен "Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды. Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқа-расымен сәйкес келмеуі мүмкін.

# ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

| | |
|---|---|
| **ҚР** | Қазақстан Республикасы |
| **ММ** | Мемлекеттік мекеме |
| **МӘТ** | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс |
| **ҮЕҰ** | Үкіметтік емес ұйым |
| **БАҚ** | Бұқаралық ақпарат құралдары |
| **КТА** | Көңілді тапқырлар алаңы |

# МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе . . . . . . 5

2. Зерттеу мақсаты . . . . . . 6

3. Міндеттер . . . . . . 6

4. Нормативтік құқықтық актілер . . . . . . 7

5. Ағымдағы жағдай . . . . . . 7

6. Ұсыныстар . . . . . . 21

# 1. КІРІСПЕ

Саясат пен экономиканың түрленуі саласында XX ғасырдың 80 жылдары Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдар дами бастады. Қазіргі таңда олар - еліміздің азаматтық қоғамы дамуының негізі болып отыр. Мұндай ұйымдардың өсуі нарықтық әлеуметке бағытталған экономиканың құрылуымен байланысты.

Белгілі социолог Питер Друкердің айтуы бойынша, «Мемлекет міндеті - ережелер ойлап шығарып, оларды заңның күшімен қолданысқа енгізу, бизнес болса, ақша табу керек. Әлеуметтік саладағы ұйымның міндеті - адамның денсаулығы мен амандығына ықпал ету. Бұл ұйымдар басқа да аса маңызды мақсаттарға қызмет етеді. Азаматтық жауапкершілік сезімін оятады. Біз азамат ретінде тек бірнеше жылда бір рет сайлауға қатысып, дауыс беріп, салық төлей аламыз. Ал әлеуметтік салада ұйымның жұмысына қатыссақ, мұндай жағдайларға өзгерістер енгізе аламыз» *[1, с. 45].*

Ғалымның айтқанымен толық келісеміз, өйткені коммерциялық емес салада жеке бастама қоғамның маңызды мақсаттарына бағытталады.

Азаматтық қоғамның белсенді институттарының бірі - үкіметтік емес ұйымдар, коммерциялық емес ұйымдар.  Коммерциялық емес ұйымдар дегеніміз - басты мақсаты табыс табу емес және қатысушылар арасында таза табысты бөлмейтін заңды тұлға.

Үкіметтік емес ұйымдар саны жыл сайын қарқынды өсіп келеді. Дәл қазір олардың саны Қазақстан бойынша 22398 (Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің infonpo.kz арнайы порталында көрсетілген 2018 жылғы деректеріне сенсек). Бұл сан тек сол порталда тіркелген үкіметтік емес ұйымдар санын ғана көрсетеді. Шын мәнінде ҮЕҰ саны одан біршама көп.

Соңғы жиырма жылда еліміздегі коммерциялық емес ұйымдар саны бірталай өссе де, адамдардың үкіметтік емес ұйымдар мен олардың жұмыстары туралы хабардар болу деңгейі өте төмен болып отыр.

Қазақстанда жалпы бірқатар саяси реформа болды, солардың барысында әлемнің алда келе жатқан елдерінің тәжірибесі ескерілген. Мемлекет дамуының басты векторларының бірі ретінде билік пен коммерциялық емес сектордың өзара әрекеттестік парадигмасының өзгерісі болды, яғни тұрақсыз диалог өзара тиімді ынтымақтастыққа ауысты.

2015 жылдан бастап Қазақстанда «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» заңына сәйкес үкіметтік емес ұйымдарды мемлекет тарапынан қолдау мен мемлекет пен коммерциялық емес ұйымдар арасындағы серіктестікті нығайту мақсатымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс механизмі арқылы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыра бастады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс – әлеуметтік саладағы міндеттерді шешуге бағытталған, үкіметтік емес ұйымдар бюджет қаражаты есебінен орындайтын әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға жүзеге асыру үшін берілген функцияларын іске асыру нысаны.

# 2. ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ

«Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» ММ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында іске асырылатын жобалардың барысы ашықтығын зерттеу нәтижесінде тұжырымдамалар мен ұсынымдар беру.

# 3. МІНДЕТТЕР

1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді шолу.
2. Басқармадағы биылғы жылы мемлекеттік  сатып алу порталында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жүзеге асырылып жатқан жобалар бойынша ақпарат табу.
3. Табылған ақпарат (соның ішінде техникалық сипаттама,) негізінде жобалардың интернет желісіндегі арнайы парақшаларын, аккаунттарын, сайттарын тауып, шолу жасау.
4. Тұжырымдамалар жазу және ұсынымдарды беру.

# 4. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

• Бюджет кодексі. 2008 жылдың 4 желтоқсанынан № 95-IV.

• Азаматтық кодекс. 1994 жылдың 27 желтоқсанынан № 268-XIII.

• Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы заң.  2005 жылдың 12 сәуірінен N 36.

• Мемлекеттік сатып алу туралы заң. 2015 жылдың 4 желтоқсанынан № 434-V ЗРК.

• Ақпаратқа қол жеткізу туралы заң, Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 карашадағы № 401-V ҚРЗ.

• Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарты. Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелді.

• Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, іске асыру мониторингі және осы тапсырыстың нәтижелерін бағалау қағидалары. Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 18 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17315 болып тіркелді.

# 5. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Мемлекеттік сатып алу порталының мәліметтеріне сенетін болсақ, 2019 жылы «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» ММ (әрі қарай Басқарма) 10 үкіметтік емес ұйыммен МӘТ тәсілімен 20 шартқа қол қойған.

2019 жылы Басқарманың жалпы мемлекеттік сатып алу жұмыстарына бөлген сомасы 270 352 678,54 теңге.

Шарттар сомасы 237 527 614,27 теңге.

Жоспар бойынша сома 282 147 678,54 22 теңгені құрады.

2019 жылы мемлекеттік сатып алу порталындағы жалпы Нұр-Сұлтан қаласындағы басқа да тапсырыс берушілермен санағанда МӘТ сомасы 792 773 964,01 теңге болса, 2018 жылы 413 435 860,11 теңге, 2017 жылы 576 009 475,27 теңге болды.

Басқарма мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты 2016 жылдан бастап жүзеге асырады және жыл сайын МӘТ-ке бөлінетін қаражат көлемі ұлғайып келеді. Нақтырақ айтса, 2016 жылы жоспар бойынша 34 257 142,86 теңге болса, 8 орындаушымен жасалған 12 шарт бойынша 25 745 572,00 теңге болды;  2017 жылы 41 964 285,7 теңге жоспарланып, 6 ұйыммен жасалған 11  шарт бойынша 25 673 331 теңге болды; 2018 жылы жоспарланған сома 117 533 035,67 теңге болса, іс жүзінде 8 ұйыммен 78 687 428 теңгеге 20 шартқа қол қойылды.

**Диаграмма 1.** *Басқарма бойынша МӘТ өсу динамикасы, тенге*




Зерттеудің барысында Басқарманың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясындағы жобалар бойынша мағлұмат жиналды. Мәліметтер (техникалық сипаттама, бекітілген жоспар, іс-шаралар жоспары, медиа-жоспар) сатып алу порталынан, қызметті орындаушылардан, тапсырыс берушінің өзінен ресми түрде және бейресми түрде сұратылды («КАМЕДА» қоғамдық қоры атынан). Жіберілген сұраныс хаттары бойынша ресми түрде жауап келген жоқ. Алайда құжаттар, мағлұмат жинала берді.

Сонымен қатар іске асырылып жатқан жобалар бойынша шолу (кабинетті мониторинг) жүргізілді (кестеге қараңыз)[1].

[1] ҚР мемлекеттік сатып алулар порталы.

***Кесте 1.***

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындаушының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «Халықаралық жастар қайырымдылық балы «ONE WORLD – ONE LIFE» (бір әлем – бір өмір)» | "Фракция молодежи Казахстана" қоғамдық қоры | 22 320 000 | «My world», «Бір әлем»; «One home», «Бір үй»; «One dream», «Бір арман» іс-шараларын ұйымдастыру | - БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдарды шығару кестесіне сәйкес жобаның бүкіл мерзіміне Медиа жоспарын құрастыру және бекіту. Тапсырыс берушімен келісім бойынша, баспасөз басылымдары, ақпараттық порталдар, кемінде 200 мың оқырманы бар танымал аккаунттар, радиостанциялар (аптасына кемінде 2 рет) мен телевидениедегі шығарылымдардың кестесін құру;<br>- Тапсырыс берушімен келісе отырып, Нұр-Сұлтан қаласында ресми интернет-ресурсын (әлеуметтік желілер, веб-сайттар) жасау және құру: үш тілдік нұсқа (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде), сайттан Facebook, Instagram және «ВКонтакте» әлеуметтік желілеріне қосылу мүмкіндігі, мобильді нұсқалардың болуы, «вирустардың» болмауы үшін сайт мониторингі жүйесін құрып, жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сайттың мақсатты жарнамасын іске қосу;<br>- «My world», «Бір әлем»; «One home», «Бір үй»; «One dream», «Бір арман» тақырыптарын және байқау туралы жарнама ақпараттарын біріктіретін Тапсырыс берушінің келісімімен  30 (отыз) секундтан | — | — | — |

*№1 кестенің жалғасы келесі бетте:*

***Кесте 1.*** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | кем емес бейнероликтер (3 дана, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) әзірлеп, жоғары сападағы Full HD (1920x 1080) немесе 2K UHD (2048x1152) форматта түсіретін бейнекамералар арқылы түсірілуі шарт;<br>- әрбір іс-шара туралы 30 (отыз) секундтан кем емес жарнамалық аудиоролик әзірлеу қажет;<br>- әрбір іс-шара туралы  аудио және бейне роликтерді Тапсырыс берушінің келісімімен 100 000 (жүз мың) адам оқырманы бар танымал парақшаларға орналастыру.<br>- Халықаралық БАҚ өкілдеріне кемінде 2 мақала жариялау;<br>- Нұр-Сұлтан жастары жайлы бейнеролик (хронометражы кемінде 1 минут, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) әзірлеу және Тапсырыс берушіге іс-шарадан 5 күн бұрын жеткізу (Тапсырыс берушінің келісімімен);<br>- Балл аяқталғаннан кейін бір күн ішінде іс-шараның қызықты сәттері көрсетілген 1 минуттық 1 бейнероликті және 3 минуттық 1 бейнероликті жеткізу (Тапсырыс берушінің келісімімен) | | | |

*№1 кестенің жалғасы келесі бетте:*

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурс тарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | «Татуластыру орталығын» (медиация орталығы, дауларды шешудің балама-лы түрлері) құру, қызметін ұйымдастыру | Общественный фонд "JAQSYLYQ FOUNDATION QAZAQSTAN | 7 410 714,28 | -қоғамда дауларды шешудің сотқа дейінгі тәсілдер арқылы шешу индикаторларын көтеру (фокус заманауи дауларды шешу әдісіне бағытта-лады);<br>-орталықтың қызметі уақы-тында қоғамда ажырасу мәселесінің алдын алу мақсатында іс-шаралар кешенін өткізу (фокус өмірдің қиын жағдайын-да немесе екі ойлы болып жүрген азамат-тарға бағыттала-ды). | - Іс-шараларды ақпараттық сүйемелдейтін медиа жоспарының болуы (Тапсырыс берушімен келісіледі) және Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шара немесе баяндама тақырыбы, автордың Т.А.Ә, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) атауы және әлеуметтік желілер, жарияланым/репор-таж шығуының күтілетін мерзімі).<br>- Facebook, Instagram, Vkontakte әлеуметтік желілерінде жобаның ресми парақшала-рын құру (жоба іске асырылғаннан кейін ресми парақшалар актімен Тапсырыс берушіге ұсынылады): тұрақты түрде текстік материалдарды, инфографиканы және т.б. пайдалана отырып, жобаны іске асыру туралы ақпаратты тарату (кем дегенде 30 материал мен посттар).<br>Әлеуметтік желі арқылы Астана қаласын-дағы жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты мәселелер бойынша тұрақты мониторинг жүргізу және кері байланысуды қамтама-сыз ету.<br>- БАҚ материалдарын әзірлеу және орналастыру – кем дегенде 5 материал.<br>- Имидждік видеоматериалдар әзірлеу және тарату: кем дегенде 4 бейнеролик (кем дегенде 1 минут) (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша). | https://www.instagram.com/centre_senim/ | 7 жариялa-ным | — |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілердегі парақшалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындаушының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | «JAIDARMAN», «Астана қаласы әкімінің кубогы – 2019» және қалалық чемпионаттар ойындары | Республиканское молодежное общественное объединение "Союз КВН Казахстана" | 16 070 000 | «Астана қаласы әкімінің кубогы-2019» және «Жайдарман» қалалық чемпионат ойындары | - «Астана қаласы әкімінің кубогы - 2019» сайысын телевизиялық түсірілімді қамтамасыз ете отырып 90 минуттан кем емес бейнефильм әзірлеп, республикалық телеарналардың бірі арқылы трансляция жасау. Барлық ойындарға фотограф қызметімен қамтамасыз ету.<br>- VKontakte, Facebook, Instagram т.б әлеуметтік желілерге арналған 1 минуттан көп емес 2 бейне ролик дайындап, тарату<br>- БАҚ жариялау (аталған іс-шаралар туралы баспа құралдарында 5 ден кем емес мақала, 2 ден кем емес телеарна шақыру және іс-шараның өту барысы туралы 10 порталда жариялау) | https://www.instagram.com/jaidarman_production/<br><br>https://www.facebook.com/jaidarmanofficial/<br><br>https://vk.com/jaidarmanofficial | Уақтылы | — |
| 4. | Түркі тілдес мемлекет жастарының арасында халықаралық әзіл фестивалі | Республиканское молодежное общественное объединение "Союз КВН Казахстана" | 7 777 000 | - Іс-шараның сценарийі мен тұжырымдамасын, бағдарламаны, жоспар мен презентациясын әзірлеу (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша) | - Түркі тілдес мемлекет жастарының арасында халықаралық әзіл фестивалін телевизиялық түсірілімді қамтамасыз ете отырып 90 минуттан кем емес бейнефильм әзірлеп, республикалық телеарналардың бірі арқылы трансляция жасау. Барлық ойындарға фотограф қызметімен қамтамасыз ету.<br>- VKontakte, Facebook, Instagram т.б әлеуметтік желілерге арналған 1 минуттан көп емес 2 бейне ролик дайындап, тарату<br>- БАҚ жариялау (аталған іс-шаралар туралы баспа құралдарында 5 ден кем | Басқарма өкілінің айтуынша, желтоқсанда өткізіледі, сондықтан әзірше ақпарат-тандыру жұмыстары өткізіліп жатқан жоқ | — | — |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**_Кесте 1._** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурс тарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | | | | | емес мақала, 2 ден кем емес телеарна шақыру және іс-шараның өту барысы туралы 10 порталда жариялау);<br>Әлеуметтік тапсырыс аясында дайындала-тын барлық материал қаржыландыру көзі «Астана қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» ММ – не сілтеме жасауы қажет.<br>Әрбір іс-шара аяқталған сәттен бастап 1 күн ішінде өткізілген іс-шаралар туралы жедел баспасөз-релиздерін, есептерді, талдамалық анықтамаларды екі тілде (қазақ және орыс) ұсыну. (Тапсырыс берушімен келісім бойынша). | | | |
| 5. | Жастар жылына арналған «Жастар жырлайды» атты жас ақындар арасындағы байқау | ФД "Конвент Молодежи Казахстана" | 4 910 000 | -Мониторинг жүргізе отырып, үздік 100-ден кем емес (14-29 жас аралығын-дағы) жас ақындарды іріктеу және олардың қатысуын қамтамасыз ету (Тапсырыс | -Қатысушыларға арналған арнайы сайт әзірлеу және сайт арқылы онлайн тіркелуін ұйымдастыру;<br>-Іс-шараның өтетіндігі туралы радио, газет, журнал, әлеуметтік желілерде т.б БАҚ арқылы таралуын қамтамасыз ету; | — | — | — |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілердегі парақшалары | Ақпараттандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындаушының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | | | | берушінің келісімі бойынша) - «Jas Aqyn» жобасына арнайы логотип әзірлеу (жобасы мен сызбасы тапсырыс берушімен міндетті түрде келісілуі тиіс | | | | |
| 6. | Жастардың сыни ойлау, киберкеңістіктегі ақпаратты анализдеу қабілеттерін қалыптастыру бойынша «TRUE or FALSE» жобасы | ОО "Единая детско-юношеская организация "Жас Ұлан" | 3 490 000 | 1.«Сыни ойлау мен өзін-өзі таныту мектебі» жұмысы үшін қажетті мекемені жалға алу (сыйымдылығы кем дегенде 50 адамдық, проектормен, қатысушыларға арналған 50 кресло немесе орындықтармен, аудио-динамигі бар ноутбукпен, | 3. «Facebook», «Instagram», VK әлеуметтік желілерінде парақшалар және «WhatsApp» топтарын ашу (берілген жобаны таныстыруға арналған топ), Тапсырыс берушімен келісім бойынша. SMM өрлету (жариялауға жоғары сапалы фотосуреттер іріктеу, хэшьегтер қолдану, таргетингтік жарнама, копирайтинг) Тапсырыс берушімен келісім бойынша. | https://www.instagram.com/trueorfalse.qz/ http://zhasulan.kz/ru/advert/view?id=63 https://www.facebook.com/profile.php?id=100010684834479&fref | Instagram желісінде үнемі жарияланады | — |

*№1 кестенің жалғасы келесі бетте:*

**_Кесте 1._** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындаушының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6. | | | | проекцияға арналған экран-мен, түрлі-түсті маркерлер мен магниттері бар маркерлі тақтамен, түрлі түсті маркер және қағаздар мен флип-чартқа арналған тақтамен қамтылған мекеме) | | =search&__tn__=%2Cd%2CP-R&eid=ARA3oszonrsiHkImjx5eSFHl8sv7wMqnVTK8wZgVHpRF-7Ud_zPP6oh1GUV1rbphhtDA-KWhNYUFd5Ny | | |
| 7. | Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары | "Республикалық студенттік құрылыс және енбек жасақтары штабы" қоғамдық қоры | 45 750 000 | Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары (әрі қарай - СҚЕЖ) іс-шаралардың тұжырымдамасын, сценарлық жоспарын, жұмыс жоспарын, ережесін, медиа-жоспары мен бағдарламасын Тапсырыс берушімен келісе отырып әзірлеп, бекіту | БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдарды шығару кестесіне сәйкес жобаның бүкіл мерзіміне Медиа жоспарын құрастыру және бекіту. Тапсырыс берушімен келісім бойынша, баспасөз басылымдары, ақпараттық порталдар, кемінде 200 мың оқырманы бар танымал аккаунттар, радиостанциялар (аптасына кемінде 2 рет) мен теледидардегі шығарылымдардың кестесін құру | — | — | — |

*№1 кестенің жалғасы келесі бетте:*

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурс тарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | «Елорда жаста-ры сыйлығы – 2019» Премиясы | Общественный фонд "Фракция молодежи Казахстана" | 10 440 000 | «Елорда жастары премиясы» жобасы-ның ұйымдасты-рылуы 4 негізгі кезең-дерден құралған:<br>1. Тапсырыс беру-шінің бекітілуімен байқауды жариялау (Медиа-жоспар, концепция, жоспар және бағдарлама);<br>2. Қатысушылардың тізімін дайындау және кандидаттар-дың жетістіктері жайында қажетті құжаттарды жинау, әр номинант бойынша бейне материал дайындау; Жеткізуші Жобаны ұйымдастыру және өткізу бойынша шығындарды өз тарапынан жүзеге асырылатын болады (қонақтардың және эстарда жұлдызда-рының ұшып келуі, тұруы). Тапсырыс берушінің келісімімен.<br>3. Жеңімпаздарды анықтау мақсатында интернет платформа | Жобаның ресми сайтына және әлеуметтік парақшаларына келіп түскен ақпараттар бойынша мониторинг жүргізіп, Тапсырыс берушіге есеп жолдау;<br>- Медиа-жоспарға сәйкес Жобаны ақпараттық сүйемелдеу (баспасөз басылымдарында 5 мақаладан кем емес, ақпараттық порталдарда 10 басылымнан кем емес, телеарналдарда 10 сюжеттен кем емес, үздіксіз түрде «Instagram», «Facebook», VK әлеуметтік парақшаларын-да жариялау) | — | — | — |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | | | | арқылы дауыс беруді және қазылар алқасының отырысын ұйымдастыру (номинациялар 15-тен кем болмауы тиіс). Жеткізуші онлайн дауыс берудің ашықтығын қамтамасыз ету;<br>4. Қатысушыларды және жеңіпаздарды марапаттау рәсімі. | | | | |
| 9. | Астана қаласы азаматтық бастамаларды қолдау орталығының қызметін жүргізу | Общественный фонд "КАМЕДА" | 64 599 999,99 | - азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік жобалар және бағдарламалық бастамаларына қолдау көрсетілетіндігін хабардар етуді арттыру (фокус әлеуметтік кәсіпкерлік жобаларына бағытталады);<br>- үкіметтік емес ұйымдар жетекшілері мен өкілдерін оқыту, консультациялық қызмет көрсету арқылы олардың халықаралық деңгейдегі жобаларға қатысу белсенділігін көтеру (фокус өзін-өзі дамыту мен прагматизмге бағытталады);<br>- үкіметтік емес ұйымдар жобаларына бизнес-секторның | - БАҚ материалдарын әзірлеу және орналастыру – кем дегенде 5 материал.<br>- Facebook, Instagram, Vkontakte әлеуметтік желілерінде жобаның ресми парақшаларын құру (жоба іске асырылғаннан кейін ресми парақшалар актімен Тапсырыс берушіге ұсынылады): тұрақты түрде текстік материалдарды, инфографиканы және т.б. пайдалана отырып, жобаны іске асыру туралы ақпаратты тарату (кем дегенде 100 материал мен посттар);<br>жазылушылар санын арттыруға мүделлік таныту жұмыстарын жүргізу. | https://www.instagram.com/elordanpo.kz/<br><br>https://www.facebook.com/ngoastana/?modal=admin_todo_tour<br><br>https://vk.com/elordanpo | Ақпараттың түсу жиілігіне байланысты | — |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | | | | қатысуы үшін экономикалық ынталандырулар әзірлеу, қайырымдылық пен меценаттықты дамыту тетіктерін қалыптастыру (фокус әлеуметтік-әріптестікті дамытуға бағытталады). Үкіметтік емес ұйымдарды өмір сүру сапасының жоғарғы стандарттарына қол жеткізу, еңбек қатынастарын үйлестіруге бейімдеу (фокус өзін-өзі жұмыспен қамтуға негізделеді);<br>- үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды нығайту (фокус ҮЕҰ, Астана қаласы аумағында құрылған және әрекет ететін шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің (оқшауланған бөлімшелерінің) қызметтеріне тұрақты мониторинг жүргізуге | | | | |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурс тарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | | | | бағытталады). Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік кәсіпкерлік жобаларын Астана аумағында қыз-метін жүзеге асыратын шетелдік және халық-аралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілді ктері (оқшауланған бөлі мшелері) есебінен инвестициялауға алғышарттар қалыптастыру (фокус интеграциялық саясатқа бағытталады). | | | | |
| 10. | Еңбек мәдени-етін қалыптасты-ру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру («Қауіпсіз еңбек» жобасы) | Объединение юридических лиц "Казахстан-ская Ассоциация Даму" | 2 840 000 | - Астана аумағында еңбек мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын нығайту (фокус кәсіпорындардың еңбек қауіпсіздігін нығайту жұмыстары-на бағытталады);<br>- Кәсіптік одақтардың өзара іс-қимылын арттыру бойынша шаралар қабылдау (фокус еңбек қатынастарын реттеудегі кәсіптік одақтар жұмысына бағытталады);<br>- Тұрғындар | - Іс-шараларды ақпараттық сүйемелдейтін медиа жоспарының болуы (Тапсырыс берушімен келісіледі) және Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шара немесе баяндама тақырыбы, автордың Т.А.Ә, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) атауы және әлеуметтік желілер, жарияланым/репор-таж шығуының күтілетін мерзімі).<br>- Facebook, Instagram, Vkontakte әлеуметтік желілерінде жобаның ресми парақшала-рын құру (жоба іске асырылғаннан кейін ресми парақшалар актімен Тапсырыс берушіге ұсынылады): тұрақты түрде текстік материалдарды, инфографиканы және т.б. пайдалана отырып, жобаны іске | https://www.instagram.com/oul_kad/ | Сирек | — |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10. | | | | арасында ақпарат-тық-насихаттау жұмыстарды жаңа форматта әзірлеп, ұйымдастыру және прагматикалық ойлардың қалыпта-суын қамтамасыз ету (фокус тұрғын-дардың еңбек адамы түсінігін кеңейтуге бағытталады). | асыру туралы ақпаратты тарату (кем дегенде 20 материал мен посттар).<br>- БАҚ материалдарын әзірлеу және орналастыру – кем дегенде 2 материал.<br>- Дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер, эксперттік кездесу, шеберлік сағаттары мен оқыту курсы (мектебі) Астана қаласы Азаматтық бастамалар орталығының базасында өткізілуі мүмкін (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша). | | | |
| 11. | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында. Сыбайлас жемқорлыққа және тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру үшін сарапшы-лар қауымының, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен іс-шаралар | ФД "Конвент Молодежи Казахстана" | 2 840 000 | - Үкіметтік емес ұйымдардың көмегімен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру (фокус сыбайлас жемқор-лықты жою жөніндегі идеяларды жалғастыру және сыбайлас жемқор-лық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталады);<br>- Сыбайлас жемқор-лықтың туындау проблемалары туралы ұсынымдар әзірлеу (фокус | - Іс-шараларды ақпараттық сүйемелдейтін медиа жоспарының болуы (Тапсырыс берушімен келісіледі) және Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шара немесе баяндама тақырыбы, автордың Т.А.Ә, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) атауы және әлеуметтік желілер, жарияланым/репор-таж шығуының күтілетін мерзімі).<br>- Facebook, Instagram, Vkontakte әлеуметтік желілерінде жобаның ресми парақшала-рын құру (жоба іске асырылғаннан кейін ресми парақшалар актімен Тапсырыс берушіге ұсынылады): тұрақты түрде текстік материалдарды, инфографиканы және т.б. пайдалана отырып, жобаны іске асыру туралы ақпаратты тарату (кем дегенде 30 материал мен посттар). | — | — | — |

№1 кестенің жалғасы келесі бетте:

**Кесте 1.** (жалғасы)

| № | Жоба атауы | Орындаушы | Құны, теңге (шарттың жалпы қорытынды сомасы) | Сипаттамасы: міндеттер (қысқаша) | Техникалық сипаттамадағы іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу жұмысы бойынша индикаторлар | Сайты, әлеуметтік желілер-дегі парақ-шалары | Ақпарат-тандыру (жариялау) жиілігі | Интернет-ресурстарда творчестволық есептің болуы (тапсырыс беруші немесе орындау-шының өз ресурсында) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | | | | профилактикалық жұмыстардың тиімділігіне бағытталады);<br>- Сыбайлас жемқор-лық фактілеріне қарсы тұру бойынша мемлекеттік орган-дар мен азаматтық қоғам институттары-ның қызметін жұмылдыру (фокус «Астана - адалдық алаңы» жобасымен бірлесіп үкіметтік емес ұйым, белсенді азаматтар әлеуетін жұмылдыруға бағытталады). | - БАҚ материалдарын әзірлеу және орналастыру – кем дегенде 5 материал.<br>- Имидждік видеоматериалдар әзірлеу және тарату: кем дегенде 4 бейнеролик (1 минуттан артық емес) (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша). | | | |
